

Агайдарова Ақмаржан

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік
университетінің докторанты
(Қазақстан, Түркістан қ.) e-mail: akmarzhan.agaidarova@ayu.edu.kz
<https://orcid.org/0000-0002-2372-4795>

Е. БЕКМАХАНОВТЫҢ ҒЫЛЫМИ КОНЦЕПЦИЯСЫНЫҢ ТАРИХИ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ АСТАРЛАРЫ

Аннотация

Бұл мақалада XX ғасырдың орта кезеңіндегі көрнекті қазақ тарихшысы Е. Бекмахановтың ғылыми мұрасы мен қоғамдық-саяси құрылымның сан қырлары ашылып, оның саяси портретін қалыптастыру көзделеді. Архивтік материалдарды талдау және деректанулық әдістер негізінде Е. Бекмахановтың ғылыми ерлігі, психологиялық төзімділігі және кеңестік идеологияға қарсы келуінің салдары қарастырылады. Тарихшының репрессияға ұшырауы, ГУЛАГ-тағы кезеңі, кейіннен ақталуы мен ғылыми атақтарының қалпына келтірілуін тарихи-психологиялық тұрғыдан саралайды. Тұлғаның педагогикалық қызметі мен ұлттық тарихи сананы қалыптастырудағы рөлі айқындалады. Е. Бекмахановтың педагогикалық қызметі, мектеп және жоғары оқу орындары үшін оқулықтар дайындаудағы рөлі, ұлттық тарихи сананы қалыптастырудағы ғылыми-педагогикалық миссиясы да назарға алынады. Педагог, ғалым және қоғам алдындағы жауапкершілікті сезінген тұлға ретінде Е. Бекмаханов қазақ тарих ғылымының дамуына, тарихи білім беру мазмұнының жаңаруына үлкен үлес қосты. Оның еңбектері ұлттық сана, деректік дәлдік және әдістемелік жаңашылдық бағытында маңызды із қалдырған тұтас ғылыми-педагогикалық мұра болып сипатталады.

Ғалым мұрасының бүгінгі тәуелсіз Қазақстан тарихнамасы үшін маңызын, ұлттық тарихи жадты қалпына келтірудегі рөлін және заманауи ғылыми көзқарастармен сабақтастығын айқындайды.

Кілт сөздер: Е. Бекмаханов, саяси портрет, тарихи-психологиялық талдау, қуғын-сүргін, ГУЛАГ, кеңестік идеология, ғылыми мұра, деректану, ғылыми ерлік.

Агайдарова Ақмаржан

Докторант Международного казахско-турецкого университета имени Ходжи Ахмеда
Ясави (Казахстан, г. Туркестан)
e-mail: akmarzhan.agaidarova@ayu.edu.kz
<https://orcid.org/0000-0002-2372-4795>

ИСТОРИКО-ПСИХОЛОГИЧЕСКИЕ ОСНОВЫ НАУЧНОЙ КОНЦЕПЦИИ Е. БЕКМАХАНОВА

Аннотация

В данной статье раскрываются многогранные аспекты научного наследия и общественно-политической деятельности выдающегося казахского историка Е. Бекмаханова, жившего в середине XX века, и формируется его политический портрет. На основе анализа архивных материалов и источниковедческих методов рассматриваются его научный подвиг, психологическая устойчивость и последствия противостояния советской идеологии. В историко-психологическом ракурсе анализируются его репрессирование, период заключения в ГУЛАГе, последующая реабилитация и восстановление научных званий.

Особое внимание уделяется педагогической деятельности ученого, его роли в подготовке учебников для школ и высших учебных заведений, а также его научно-

педагогической миссии в формировании национального исторического сознания. Как педагог и ученый, осознававший ответственность перед обществом, Е. Бекмаханов внес значительный вклад в развитие казахской исторической науки и обновление содержания исторического образования. Его труды представляют собой целостное научно-педагогическое наследие, оставившее важный след в укреплении национального самосознания, источниковедческой доказательности и методологического новаторства.

В заключение определяется значение наследия ученого для современной независимой историографии Казахстана, его роль в восстановлении национальной исторической памяти и преемственности с современными научными подходами.

Ключевые слова: Е. Бекмаханов, политический портрет, историко-психологический анализ, преследование, советская идеология, научное наследие, источниковедение, научный подвиг.

Agaidarova A.

PhD Student, Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University
(Kazakhstan, Turkistan)

e-mail: akmarzhan.agaidarova@ayu.edu.kz

<https://orcid.org/0000-0002-2372-4795>

THE HISTORICAL AND PSYCHOLOGICAL FOUNDATIONS OF E. BEKMAKHANOV'S SCHOLARLY CONCEPT

Annotation

This article examines the multifaceted dimensions of the scholarly legacy and socio-political engagement of the prominent Kazakh historian Y. Bekmakhanov, who lived during the mid-twentieth century, with the aim of constructing his political portrait. Based on archival analysis and source-critical methods, the study explores his scholarly courage, psychological resilience, and the consequences of opposing Soviet ideological constraints. A historical-psychological assessment addresses his repression, imprisonment in the GULAG, subsequent rehabilitation, and restoration of his academic titles.

The article also highlights Bekmakhanov's pedagogical work, his contribution to developing textbooks for schools and higher education institutions, and his scientific-pedagogical mission in shaping national historical consciousness. As a scholar, educator, and socially responsible public figure, Bekmakhanov made a substantial contribution to the development of Kazakh historical studies and the renewal of historical education content. His works constitute a comprehensive scholarly-pedagogical legacy that significantly influenced national consciousness, evidentiary rigor, and methodological innovation.

Finally, the article identifies the importance of his legacy for contemporary independent Kazakh historiography, its role in restoring national historical memory, and its continuity with modern scholarly perspectives.

Keywords: E. Bekmakhanov, political portrait, historical-psychological analysis, persecution, Gulag, Soviet ideology, scholarly legacy, source studies, academic feat.

Agaidarova A.

Hoca Ahmet Yesevi Uluslararası Kazak-Türk Üniversitesi doktora öğrencisi
(Kazakistan, Türkistan)

e-mail: akmarzhan.agaidarova@ayu.edu.kz

<https://orcid.org/0000-0002-2372-4795>

E. BEKMAKHANOV'UN BİLİMSEL KONSEPTİNİN TARİHİ VE PSİKOLOJİK TEMELLERİ

Özet

Bu makalede, XX. yüzyılın orta döneminde yaşamış seçkin Kazak tarihçisi Y. Bekmahanov'un bilimsel mirası ile toplumsal-siyasal faaliyetlerinin çok yönlü boyutları ele alınmakta ve onun siyasi portresi oluşturulmaktadır. Arşiv belgelerinin analizi ve kaynakbilimsel yöntemler temelinde, Bekmahanov'un bilimsel cesareti, psikolojik dayanıklılığı ve Sovyet ideolojisine karşı duruşunun sonuçları incelenmektedir. Tarihsel-psikolojik değerlendirme, tarihçinin baskıya uğraması, GULAG dönemindeki yaşamı, daha sonra aklanması ve akademik unvanlarının iade edilmesi gibi dönemleri kapsamaktadır.

Ayrıca Bekmahanov'un pedagojik çalışmaları, okul ve yükseköğretim kurumları için ders kitapları hazırlamadaki rolü ve ulusal tarih bilincinin oluşumundaki bilimsel-pedagojik misyonu da ayrıntılı biçimde ele alınmaktadır. Topluma karşı sorumluluk duyan bir bilim insanı ve eğitimci olarak Bekmahanov, Kazak tarih biliminin gelişimine ve tarih öğretiminin yenilenmesine önemli katkılar sağlamıştır. Onun eserleri ulusal bilinç, belge temelli doğruluk ve yöntemsel yenilik açısından kalıcı iz bırakan bütüncül bir bilimsel-pedagojik miras olarak değerlendirilir.

Makale, araştırmacının mirasının çağdaş bağımsız Kazakistan tarih yazımı için önemini, ulusal tarihsel hafızanın yeniden inşasındaki rolünü ve modern bilimsel yaklaşımlarla sürekliliğini ortaya koymaktadır.

Anahtar kelimeler: E. Bekmahanov, siyasi portre, tarihî-psikolojik analiz, zulüm, Gulag, Sovyet ideolojisi, bilimsel miras, kaynak bilimi, bilimsel kahramanlık.

Кіріспе. Бұл мақалада XX ғасырдың орта шеніндегі қазақ тарихшысы Е. Бекмахановтың ғылыми-саяси қызметінің күрделі бір қырын - оның саяси портретін-қарастырамыз. Тарихшының өмір сүрген уақыты - Қазақстан тарихындағы ең күрделі, саяси тұрғыдан ең қатаң және идеологиялық бақылауы ең жоғары дәуірлердің бірі. XX ғасырдың алғашқы жартысы мен ортасын қамтыған бұл уақыт Кеңес Одағының тоталитарлық жүйе ретінде орнығуы, сталиндік репрессиялардың кең етек алуы, ұлттық интеллигенцияның қуғын-сүргінге ұшырауы және ғылымның толықтай идеологияға тәуелді болуы сияқты ерекшеліктермен сипатталады. Төл тарихымыздың күрделі тақырыптарын жазу арқылы, өз замандастары мен келешек ұрпақтың жадында өшпес із қалдырған тарихшы туралы қалам шертпеген тарихшы жоқ шығар. Осы мақалада Е. Бекмахановтың тағдырының қиын сәттерінде төзімділік таныта білуі мен мінезіндегі өжеттілігіне қарамастан, заман ағымына ілесуден басқа жол жоқ екендігін көрсетті.

Өзектілігі: XX ғасырдағы тоталитарлық жүйе жағдайында ұлттық тарихты зерттеудің қандай қиындықпен жүзеге асқанын көрсету үшін Е. Бекмаханов еңбегі ерекше үлгі бола алады. Оның ғалым ретіндегі қалыптасуы, саяси айыптауларға ұшырауы, репрессияға тап болып, кейін толықтай ақталуы - кеңестік идеологияның ғылымға ықпалын, тарих зерттеулерінің саясилануын және ұлттық тарихи сананың қалыптасу жолындағы күрделі кезеңдерін айқын көрсетеді. Е. Бекмахановтың Кеңесары Қасымұлы бастаған көтеріліс туралы зерттеуі - қазақ тарихнамасындағы алғашқы кешенді, ғылыми негізделген еңбектердің бірі. Бұл еңбек кеңестік кезеңдегі идеологиялық талаптарға сәйкес келмегендіктен, ғалым өзі зерттеген тақырыптың саяси құрбаны болды. Осы жағдайды ғылыми тұрғыдан талдау - қазіргі тарих ғылымы үшін ғана емес, ұлттық рухани жад үшін де маңызды.

Мақсаты мен міндеті: Бекмахановтың идеялық, тарихи және педагогикалық бағыттарын саяси контекстке орналастыру арқылы оның тұлғалық ерекшелігін ашу. Е. Бекмахановтың ғылыми шығармашылық қызметінің тарихи психологиялық астарларын заман талаптарына сай қарастыру. Мақсатқа жету үшін мына міндеттер негізге алынады 1) Е. Бекмахановтың ғалым болып қалыптасуындағы тарихи ортаны анықтау; 2) Е. Бекмахановтың ғылыми ерлігінің тарихи психологиялық өзегі; 3) оның саяси қуғындалуы мен ақталуын тарихи психологиялық тұрғыда ақтау.

Материалдар мен әдістер: Мақала жазу барысында мына әдістерді негізге аламыз: тарихи-архивтік талдау, негізгі еңбегі «Қазақстан XIX ғасырдың 20-40 жылдарында» атты

ғылыми мұрасын бағалау, тарихшылар мен замандастарының естеліктеріне шолу жасау. Осылайша құжаттық деректерді талдау арқылы Е. Бекмахановтың психологиялық портретін қалпына келтіреміз.

Нәтижелер: Осы зерттеуде өткен шақ пен бүгінгі шақ кеңістігіндегі тұлғаның саяси портретін қалыптастыру тұлғаның тарихи миссиясын, идеялық ұстанымдарының өміршендігін, замана талабымен үндестігін көрсету. Зерттеу нәтижесінде Е. Бекмахановтың тек тарих ғылымында ғана емес, кеңестік идеология мен ұлттық сана құрылымында да маңызды рөл атқарғанына көз жеткізіледі.

Отан тарихындағы тұлғатану бойынша жасалып жатқан сараптамалық бағалау бір ізге түсе қоймаса да материалдық және құжаттық деректер бойынша жұмыс жасауға мәжбүрміз. Кең көлемдегі тарихи деректер ғылыми айналымға ұсынылғанымен жалпыға ортақ ұстанымдардың, бағалау өлшемдерінің орнықтағаннан көп жағдайда біржақтылық орын алып келеді. Е. Бекмаханов қазақ тарих ғылымының көрнекті өкілі әрі қоғам, саясат саласына әсер еткен көрнекті тұлға. Оның қызметі тарихи зерттеу, педагогика және идеологияның үш қиылысында өтті. Сондықтан «саяси портрет»інің аясында оның ғылыми еңбектерге қызмет етуін ғана емес, сондай-ақ есепке алынған саяси қудалау және реабилитация кезеңдерін және тарихи психологиялық астарларын да қарастыру қажет.

Ол 1933 жылы Воронеж қаласындағы Мемлекеттік педагогикалық институтқа тарих мамандығына түсіп, оны 1937 жылы үздік аяқтап шығады. Жас тарихшы Ұлы Отан соғыс жылдарына қарамастан өзінің білімін дамытып, зерттеу жұмыстары мен дәріс беруді қоса алып жүреді. 1943-1948 жылдары Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасының Ғылым Академиясында аға ғылыми қызметкер болып жасайды.

Е. Бекмахановтың ғалым болып қалыптасуындағы тарихи ортаның орны ерекше. Сол себепті осы тұлғаларға тоқталайық. Ғылым академиясының белді ғалымдары М. Әуезов, Ә. Марғұлан, Ғ. Мүсірепов, С. Мұқанов т.б ғалымдар жас Ермұханның қалыптасуына әсер еткен болуы керек. Соғыс жылдары Алматы қаласына көптеген ғалымдар мен білім адамдары эвакуацияланады. Соның ішінде белгілі тарихшылар А. М. Панкратова, Д. А. Баевский, Н.М. Дружинин, Я.Я. Зутис, М.П. Вяткин, А.П. Кучкин және т.б да ғалым адамдары болады.

Е. Бекмахановтың алғашқы ғылыми ізденісі қазақ мектептері үшін жазылған оқулық «Ерте дүние тарихы» еді. Осындай жаңа бастамаларда А. Панкратованың рөлі зор еді. Ол кәсіби бағдар берумен қатар, жас тарихшыны өз қамқорлығына алып, қиын сәттерде оған қол ұшын берді. Е. Бекмахановтың жары Халима Адамқызы өз естеліктерінде «Анна Михайловнаны Ермұхан екінші анасындай көретін еді.» [1, 3] делінген.

Сонымен бірге, өмірде әділ болуды, оған ғылым есігін алғаш ашқан адам Ян Яковлевич Зутис екенін де айта кету керек. Е. Бекмахановпен алғаш таныстығы 1930 жылдары Воронеж педагогикалық институтында еді. Ол сол кезде Е. Бекмахановтың оқытушысы болған. Соғыс кезінде Я.Я. Зутис Алматыға эвакуацияланған тарихшылардың қатарында болды. Кейіннен 1943 жылы «Қазақстан тарихы» оқулығын жазуда бірге жұмыс жасайды.

Қалалық партия комитеті эвакуацияланған тарихшыларды штаттан тыс лектор ретінде тағайындап, жергілікті органдардың келісімі арқылы олар соғыс жағдайында тарихты оқыту туралы оқу әдістемелік құралын жазады. Жұмысты ұйымдастыру сол кезде Қазақ КСР Ағарту министрлігінде қызметкер болып істеп жүрген Е. Бекмахановқа жүктеледі. Е. Бекмаханов мектеп мұғалімдеріне арналған тарих пәні бойынша әдістемелік құрал құрастыру идеясын жасады және оның жүзеге асуына қол жеткізілді. Ол жаңа Ресей ғалымдарымен шынайы дос болып, алғашқы оқу құралын бір айда басып шығарады. Е. Бекмаханов пен М. Панкратова «Қазақ КСР тарихының» бір томдық басылымын жасау мәселесін көтерді. Республика басшылығы бұл идеяға зор қызығушылық танытты. Кітаптың құрылымын қазақ тарихының негізгі оқиғаларымен, мысалы тәуелсіздік жолындағы ұлт-азаттық көтерілістер және фашизмге қарсы Ұлы отан соғысымен толықтыру жоспарланды. Кенесары көтерілісін зерттеу және қызметі Е. Бекмахановқа жүктелді. Оның тұжырымдамасын кітап авторларының басым бөлігі мен жергілікті сарапшылар қолдады. Айта кету керек, осы

кезенде Е. Бекмахановқа шығармашылыққа деген құштарлық, сенімділік және адалдық сияқты қасиеттер жас тарихшыға тән болды. Бұл ерекшеліктері бірге жұмыс істейтін адамдардың да назарын аудартты. А. Панкратова, М.П. Вяткин, Н.М. Дружинин, А.П. Кучкин, Я.Я. Зутис осы жылдары шыққан және басқа да көптеген кеңес тарихшылары көптеген сынақтардан өтті. Орыс және қазақ ғалымдарының ынтымақтастығының маңызды нәтижесі - 1943 жылдың жазында Қазақстанның ежелгі дәуірінен сол кезеңге дейінгі тарихының алғашқы жүйеленген басылымының жарық көруі болды. Алайда Бекмаханов үшін бұл оның ғылыми қызметінің тек бастамасы еді. Ол «Қазақ КСР тарихының» бірінші басылымы үшін Кенесары Қасымов қозғалысы туралы бөлімін жазды. Кейіннен жеке монографиялық зерттеу ретінде дамытты. Ғалым сол уақыттағы қазақ халқының ішкі даму процестерін - шаруашылықтағы өзгерістерді, әлеуметтік қатынастар мен саяси құрылымды, сондай - ақ Ресей және көршілес елдермен өзара ұсынылған «Қазақстан тарихы» еңбегі туралы редактор А.М. Панкратова комитетінің алғашқы отырысында бұл кітаптың жалпы қолдау тапқанын айтады. Алайда келесі отырыста профессорлардың бірі «Қазақ КСР тарихы» еңбегіне «орысқа қарсы» деген ой білдіреді [2, 90-91].

1946 жылы Е. Бекмаханов «Қазақстан XIX ғасырдың 20-40 жылдарында» атты докторлық диссертациясын сәтті қорғап, қазақтан шыққан тұңғыш тарих ғылымдарының докторы атану бақытына ие болады. Кәсіби тұрғыдан берілген шынайы баға еді. Сол жылы Е. Бекмаханов жаңадан құрылған Қазақ КСР Ғылым Академиясының тарих, археология институтының директор С. Юшковтың көмекшісі міндетін атқарды. Осындай жағдайда 1947 жылы жарық Е. Бекмахановтың «Қазақстан XIX ғасырдың 20-40 жылдарында» атты монографиясында Кенесары Қасымұлы бастаған ұлт-азаттық көтерілісті әділетті қозғалыс ретінде сипаттады. Кеңес билігі үшін мұндай тұжырымдар идеологиялық тұрғыда қауіпті деп табылатын [3, 90-91]. Нақ осы зерттеу жұмысы бір жылдан соң кітап болып жарияланады. Бірақ зерттеуге қатысты арыздар жоғары жаққа үздіксіз жазылып жатты [4, 3].

Жас ғалымның жетістігін көре алмаушыларды тоқтату мүмкін емес еді. 1948 жылдың қаңтарында «Лениншіл жас» газетінде М. Ақынжанов пен Т. Шойынбаевтар «Саяси қате, ғылыми құндылығы жоқ кітап» деген мақала көтеріп, Е. Бекмахановтың еңбегін сынға алды. Осыған байланысты Ж. Шаяхметов М. Сусловқа арнайы тапсырма береді. Содан кейін осы мәселені тексеру үшін КСРО Ғылым Академиясының институты 28 ақпанда Е. Бекмахановтың монографиясын талқылап бастайды. Тарихшының еңбегін саралауға бес рет жиын ұйымдастырылып, әр талқылау бірнеше күнге ұласады. Жиналыстар барысында пікір екі бағытқа бөлініп кетеді. Бір топ зерттеуді жокқа шығарып, «Кенесары көтерілісі халықтық сипаттан ада, жеке хандық мүддені көздеген қозғалыс», «феодалдық топтарды орынсыз мадақтаған» деген айыптауларын алға тартады. Ал екінші тарап керісінше, «монография тарихи деректерге сүйеніп, нақты баяндалған», «Кенесары қозғалысы халықтың жалпы талабын білдірген ұлттық көтеріліс» деп қорғап шығады. Е. Бекмахановқа қарсы пікір ұсынғандар қатарында Т. Шойынбаев, Толыбеков, Х. Айдарова, М. Ақынжанов, А. Нұрқанов, С. Аманжолов, В. Шахматов, С. Покровский, Б. Сүлейменов және тағы басқалар болды. Ал оны қолдағандар ішінде И. Будовниц, А. Нүсіпбеков, Х. Әділгереев, Ә. Жиреншин, Б. Аспандияров, Е. Діلمұхамедов сияқты зерттеушілер бар. Кейбір ғалымдар мәселені екі жақтың да уәжін ескере отырып бағалауға тырысып, аралық көзқарасты ұстанды. Олардың қатарында Ә. Тұрсынбаев пен Т. Елеуов болды [4, 2].

Пікірталастың негізі – М. Ақынжанов пен Т. Шойынбаевтың қарсылығымен басталды. Кейіннен оларға Х.Айдарова қосылады. Олар Е.Бекмахановқа буржуазияшыл-ұлтшыл деген айып тағумен болды. Нәтижесінде Е. Бекмаханов кейбір қателіктер жіберді деген ескертулер беріп, басқа айып тақпады [4, 2].

Қазақстан ғылымының академигі С. Бейсенбаев «талаптыға нұр жауар дегендей, Е. Бекмаханов талапты, дарынды, өрісі кең, өрелі жан еді» деп еске алады өз естеліктерінде Әбділда айтқандай:

Жақсының жарқылдаған жаны жомарт,

Жаманның жаны бейім дұшпандыққа, деп осылардың талайлары Е. Бекмахановқа дұшпандық көрсетіп, жанына жара салды... Ал «Дос салса қанжар жоныңнан, емдеу қиын жарасын». Е. Бекмахановтың ерте кетуі осы жараның да салдары болар... Е. Бекмаханов ғылыми - зерттеу ісін өте жақсы көруші еді. Ол маған: «Сен осы тақты қойып, қашан ғылыми айналысасың?» деуші еді. «Ау, Ерік-ау, сен және біз коммунистерміз, партия қайда жіберсе, сонда барамыз», деп мен стандартты жауап бергенде, ол: «Ия, солай-ау. Сенің денсаулығың жақсы, ғылымға да әлі үлгірерсің», [5,27] дейтін.

Керісінше, Е. Бекмаханов айтыс барысында өзінің ғылыми өресінің, мәдениетінің жоғарылығын көрсете білді. Оның қорытынды сөзіндегі мына жолдар осының куәсі: «Біз бес күнге созылған айтыстың соңына келдік. Егер адамша айтар болсақ, жолдастар, сіздерге шын ниетіммен айтайын: осы айтыстан кейін менде менің еңбегім «ғаламат еңбек» деген ой пайда болды. Тәжірибе жағынан да, жас жағынан да мен айтарлықтай кішімін. Өзімнің алғашқы монографиялық еңбегімді жазу барысында мен ешқашан жеке қызметім туралы емес, өз халқым туралы ойладым. Үлкен және күрделі ізденістер мен зерттеулер жолында жаңасақтықтар мен қателіктердің болуы заңды еді. Оның үстіне, өз әріптестерім - қазақ тарихшыларының арасында мен алғаш рет батылдық танытып, өте күрделі әрі шатасқан мәселе бойынша еңбек жасағанмын. Осы біздің халқымыздың тарихи тағдырындағы аса күрделі кезең: XX ғасырдың 20–40-жылдары туралы деп ойлаймын» делінген [6, 361].

Е. Бекмаханов сөз соңында өзінің әріптестерін тізе қоса, ынтымақтаса еңбек етуге шақырды. Осы орайда ол өзінің сөзін былай аяқтады: "Қанеки жолдастар, осы игі мақсаттар жолында құлшына еңбек етелік. Біздің жас қазақ тарих ғылымын жаңа табыстарға, жаңа шығармашылық жетістіктерге қозғау үшін тату, ынтымақтаса еңбек етелік! "Сосын автор кез келген фольклорлық материалдарды зерттеу кезінде, мүмкін болса еңбектің авторының кім екенін немесе орындаушысы кім екенін білу шарт болып табылады" деді [7, 53].

Е. Бекмаханов қазақтан шыққан тұңғыш тарих ғылымының докторы ретінде фольклорлық деректермен жұмыс істейтін болашақ зерттеушілердің нақты міндеттерін көрсетті. Материалдарды бағалағанда өлең мен поэманың суреттейтін оқиғасының дұрыстығына, оқиғаны көрген адамдардың айтқандығына мән беру керек. Ғалым сол кезде ғана маңызды деректанулық тұжырым жасайды дейді [7, 54].

Е. Бекмаханов фольклорлық деректердің тағы бір ерекшелігі туралы: "Бұл жерде тағы бір мәселені назардан тыс қалдыруға болмайды: жырау қандай әлеуметтік топқа жатса, сол ортаның мүддесін көздеп, кейде жырдың бастапқы мазмұнын өз ыңғайына бейімдеп жіберетін жағдайлар жиі кездеседі. Сондықтан феодалдық билеуші топтың тапсырысы бойынша арнайы шығарылған немесе солардың ықпалымен жаңаша айтылған көптеген фольклорлық туындылардың болуы табиғи құбылыс" [7, 51], яғни заман талабына сай таптық тұрғыдан қарағанымен, деректану ғылымының аса бір күрделі мәселесін қозғаған.

Деректі ауызша жеткізушінің, не көшіріп жазушының өз табының, не өзі бағынышты ортаның мүддесіне сай түпнұсқаны бұрмалауы барлық халықтарда да кездеседі. Мысалы, мұндай жағдай орыс және басқа да халықтардың тарихында жылнамаларға байланысты көп ұшырасады. Жылнамалар негізінен не шіркеулерде, не сарайларда жазылғандықтан, не қайта көшірілгендіктен жылнамашылар шіркеу не сарай иесін өз туындыларында дәріптеп отырған. Дәл осы фактор «Игор жасағы туралы жырдың» түпнұсқасының өрескел бұрмалануы, танымал «Аз и Я» туындысын алып келді [8, 146].

«Зерттеушінің басты міндеттерінің бірі – тек шындықты қиялдан айырып қана қою емес, сонымен қатар фольклорлық деректерде кездесетін мәліметтердің нақтылығын барынша анықтап, оларды архивтік құжаттармен және жазба деректермен салыстырып тексеру. Сондай-ақ жеке өлеңдердің түрлі нұсқаларын қатар қарастырып, олардың бастапқы түпнұсқалық мәтінін қалпына келтіру де зерттеуші үшін соншалықты маңызды» дейді [7, 55].

Ғалымның 70 жыл бұрын айтып кеткен ұсынысы, бүгінгі таңда әлі де маңызды болып отыр. Тәуелсіздікке ұмтылған қазақ халқы елдің төл тарихына деген қызығушылығы фольклор саласында көптеген зерттеуді қажет етіп отыр.

Идеологиялық күрес басылмаған еді. Дабыл орталықтан қағылып отырды. 1950 жылдың 26 желтоқсанында «Правда» газетінің бетінде Т. Шойынбаев, Х. Айдарова, А. Якуниннің «Қазақстан тарихының мәселелерін маркстік-лениндік тұрғыдан баяндалсын» деген көлемді мақаласы жарық көрді. Мақала авторларының, Кенесары көтерілісін «Бұл қазақ халқын кері тартқан патриархалдық - феодалдық тіректерді нығайтуға ортағасырлық хандық үкіметті қайта орнатуға Қазақстанды Ресейден және ұлы орыс халқынан бөлектеуге тартқан реакциялық қозғалыс болды» деп айыптауы ахуалды одан сайын ушықтырды» деп [10, 57].

Е. Бекмаханов университеттегі қызметінен босатылып, 1951 жылы партия мүшелігінен босатылды. Бұдан кейін ол алдымен Алматы облысы Нарынқол ауданындағы мектепте тарих пәнінен сабақ беріп бастады, көп ұзамай Жамбыл облысының Шу ауданындағы Новотроицк ауылындағы мектепке мұғалімдік жасады [11,46]. Дәл осы елді мекеннен 1952 жылдың 5 қыркүйегінде ол тұтқындалып, екі айға жуық жүргізілген тергеуден соң, 2 желтоқсанда Қазақ КСР Жоғарғы Сотының Қылмыстық істер жөніндегі алқасының шешімімен 25 жылға бас бостандығынан айыру жазасына кесіліп, ГУЛАГ-тың алыс лагерьлерінің біріне жөнелтілді [9, 10].

Анна Панкратова қарапайым ғалым ғана емес, ұстанымына өте берік қайраткер еді. Үкімет билігі Н.Хрущевтың қолына өткен тұста, бір үміт оты жағылғандай болды. 1953 жылдың соңына қарай өз беделі мен мүмкіндігін пайдалана отырып, басшылықтың қабылдауында да болды. Оны былайша түсіндіреді «Сіз партия жолын бұрмалағандарға көзсіз күрескерлік таныттыңыз, сондықтан біз Ресей тарихшыларының бір тобы, бізге көмек қолыңызды созуыңызды сұраймыз, тек сіз ғана екі жыл бұрын Қазақстанда жіберілген сорақы әділетсіздікті түзей алсыз!...Қазақтың дарынды тарихшыларының бірі Е. Бекмаханов 37 жастағы ғылым докторы, оның әріптестерінің қызғанышы нәтижесінде 25 жылға сотталып, Сібірге айдалды. Біз мына хатқа қол қоя отырып, осы жас тарихшыға кепіл боламыз, және оның келешекте тарихқа үлес қосатынына сенім білдіреміз!» Осы әрекеттердің нәтижесінде Е. Бекмаханов алғашқы ақталғандардың қатарында болды. Осылайша түрмеде жатып терең ойланып, өзінің достары мен әріптестеріне хат жазады. «Мен түрмеде еш жазықсыз отырмын, мен бостандықта болуым керек деп қорытынды жасайды....» [4, 3].

Бостандыққа шыға салысымен Ермұхан Бекмаханов жаңа зерттеулер жасап өз атақтарын қайтарып алуға кіріседі. Осылайша «Қазақстанның Ресейге қосылуы» атты жаңа монография жарық көреді. Бұл ғылыми атақтарын қайтарып алу үшін жазылған, яғни екінші рет қорғалған докторлық диссертациясы еді [4, 3]. Кеңестік идеологияның дегенінен шықпай қателіктер жөнделді. Кейінгі еңбектерінде сорақы бұма. Әрине, бұрынғы «қателіктер түзетілді». Кейінгі еңбектерінде маркстік-лениндік әдіснамадан қия баспайтын болды. Біздің айтайын деп отырғанымыз, Сталиндік қуғын-сүргіннен кейінгі, ғалымның «ақталған» тұстағы, яғни өмірінің кейінгі кезеңіндегі ғылыми зерттеу шығармашылығы туралы Кеңестік идеология жоғарыда атап кеткеніміздей, Е. Бекмахановтың Кенесары қозғалысына қатысты ғана емес, бүкіл Қазақстан тарихының Ресеймен қарым - қатынасына байланысты бұрынғы көзқарастарын түбірінен өзгертуге мәжбүрледі. Тарихшы, егерде ғалым болып қаламын десе, Коммунистік партияның Қазақстандағы ұлт-азаттық қозғалысына қатысты концепциясын ұстануы қажет болды. Амал жоқ, өзінің докторлық лауазымын қалпына келтіру үшін Е. Бекмаханов «Қазақстанның Ресейге қосылуы» деп аталатын жаңа монография жазды [10, 60-70].

Өкінішке орай, осындай ұстанымды яғни, Е. Бекмаханов өзі кейіннен жазған 7-8 сыныптарға арналған оқу құралында да қалыптастырды. Заман талабына қарай қуғын-сүргін психологиясының көрінісі жас тарихшы Е. Бекмаханов өз ұстанымы мен мақсатынан бас тартуға мәжбүр болды. Тарихтың қате жазылып, Кенесары Қасымұлының тұлғалық болмысын Қазақстанның тарихында жағымсыз және ұнамсыз тұрғыда сипатталып, кейінгі ұрпақтың санасында қанішер, озбыр кейіпкер ретінде бейнеленді. Осы көзқарастың өкінішке орай, тәуелсіздікке дейін жалғасып келгені құпия емес. Е. Бекмахановтың тарихты осылайша

карама-қарсы және қайшылықты көзқарастармен жазып шығуы оның жеке басының ғана емес, қазақ тарихының сол тұстағы үлкен қасіреті еді. Бұл мәселеде тарих идеологиялық қыспаққа және ықпалға түскенде ақиқаттың абзал жолынан адасатынын тағы да дәлелдеп берді. Сондықтан да тәуелсіздік деген қасиетті сөз, халқымыз үшін де, оның сан ғасырға созылған қасиетті тарихы үшін де аса қымбат, қастерлі болып табылады.

Қорытынды. Е. Бекмахановтың шығармашылық жолындағы ең күрделі кезең - оның бостандыққа шыққаннан кейінгі ғылыми қызметінің идеологиялық қысым жағдайында қайта қалыптасуы. Сталиндік қуғын-сүргіннен кейін тарихшы кеңестік саясат талап еткен маркстік-лениндік әдіснаманы бұлжытпай қабылдауға мәжбүр болды. Докторлық диссертацияны қайта қорғауы және «Қазақстанның Ресейге қосылуы» атты жаңа монография жазуы да сол кезеңнің саяси шындықтарынан туған амал еді. Бұл еңбек арқылы оның ғылыми атақтары қалпына келгенімен, Кенесары Қасымұлы бастаған ұлт-азаттық қозғалысына қатысты бұрынғы ғылыми тұжырымдарын толықтай өзгертуге мәжбүр болуы кеңестік идеологиялық жүйенің ғылымға жасалған қысымының айқын көрінісі.

Бұл жағдай Кенесары Қасымұлының тарихи тұлғасын бірнеше онжылдық бойы теріс интерпретациялауға алып келді. Ұлттық тарихтың негізгі кейіпкерлерін қасақана жағымсыз сипатта көрсету тәуелсіздікке дейін жалғасқан тарихнамалық бұрмалаушылықтың салдарын айқындайды.

Осы тұрғыдан алғанда, Е. Бекмаханов мұрасының карама-қайшылығы тек жеке ғалым тағдырының көрінісі ғана емес, сол дәуірдегі қазақ тарих ғылымының идеологиялық тәуелділігінің ортақ қасіреті болып табылады. Ғылымның шынайы ақиқаттан айрылуы саяси жүйенің ықпалында қалған тарихнаманың әлсіздігін көрсетті. Тәуелсіздік кезеңінде тарихи жадты қалпына келтіру үдерісінің маңыздылығы да дәл осы кеңестік бұрмалаушылықтардың орнын толтыру қажеттілігінен туындайды. Сондықтан, Е. Бекмахановтың шығармашылық жолы тек саяси қуғын-сүргін тарихын ғана емес, ұлттық тарихнаманың идеологиялық қысымнан арылып, деректік шындыққа негізделген жаңа ғылыми парадигмаға көшуінің маңызын да айқындап береді.

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Шимырбаева Г. Познать великое чувство // Казахстанская правда. 2015.
URL: <https://kazpravda.kz/n/poznat-velikoe-chuvstvo/> 07.11.2025
2. Материалы научной конференции молодых ученых, студентов и школьников «VI Сатпаевские чтения»: В 10 т. Т. 9. -Павлодар: ПГУ им. С. Торайгырова, 2006. 437 с.
3. Нурпеисов Н.К. История одного «дела» // История Казахстана: белые пятна. Алма-Ата: Казахстан, 1991. С. 31–49.
4. <https://e-history.kz/kz/news/show/642>
5. Ермұқан Бекмаханов туралы естеліктер. Алматы: Білім, 2005. 224 б.
6. Омарбеков Т., Омарбеков Ш. Қазақстан тарихына және тарихнамасына ұлттық көзқарас. - Алматы, 2004. 388 б.
7. Бекмаханов Е.Б. Присоединение Казахстана к России. -Москва, 1957. 337 с.
8. Атабаев Қ. Қазақстан тарихының деректанулық негіздері: Оқу құралы. -Алматы, 2002. 302 б.
9. Нұрпейіс К. Бекмаханов пен оның басты кітабы қалай жазаланды // Қазақ тарихы. 2005. №2.
10. «Ермұхан Бекмаханов және оның отандық тарих ғылымының дамуына қосқан үлесі» атты республикалық ғылыми конференцияның материалдары. -Павлодар, «КЕРЕКУ» баспасы, 2015, 235б
11. Бекмаханов Е.Б. Қазақстан XIX ғасырдың 20-40 жылдарында (Оқу құралы).- Алматы, «Санат», 1994,- 416 бет

REFERENCES

1. Shimyrbayeva G. Poznat' velikoye chuvstvo // Kazakhstanskaya pravda. 2015.

URL: <https://kazpravda.kz/n/poznat-velikoe-chuvstvo/> 07.11.2025

2. Materialy nauchnoy konferentsii molodykh uchonykh, studentov i shkol'nikov «VI Satpayevskiye chteniya»: V 10 t. T. 9. – Pavlodar: PGU im. S. Toraygyrova, 2006. 437 s.
3. Nurpeisov N.K. Istoriya odnoy «sdelki» // Istoriya Kazakhstana: belyye pyatna. Alma-Ata: Kazakhstan, 1991. S. 31–49.
4. E-history.kz URL: <https://e-history.kz/kz/news/show/642> 07.11.2025
5. Vospominaniya Yermukana Bekmakhanova. Almaty: Obrazom, 2005. 224 s.
6. Omarbekov T., Omarbekov SH. Natsional'nyy vzglyad na istoriyu i istoriografiyu Kazakhstana. – Almaty, 2004. 388 s.
7. Bekmakhanov E.B. Prisoyedineniye Kazakhstana k Rossii. – Moskva, 1957. 337 s.
8. Atabayev K. Dokumental'nyye osnovy istorii Kazakhstana: Uchebnik. – Almaty, 2002. 302 s.
9. Nurpeis K. Bekmakhanov i kak byla nakazana yego glavnaya kniga // Kazakhskaya istoriya. 2005. № 2.
10. Materialy respublikanskoy nauchnoy konferentsii «Yermukhan Bekmakhanov i yego vklad v razvitiye otechestvennoy istoricheskoy nauki». – Pavlodar, izdatel'stvo «KEREKU», 2015, 235s.
11. Bekmakhanov E.B. Kazakhstan v 20-40-kh godakh XIX veka (Uchebnik). - Almaty, «Sanat», 1994, – 416 s.